



БЕКІТЕМІН
Тәрбие жұмыстары
және әлеуметтік
мәселелер проректоры
Е.Қ.Сәлім
«_» _____ 2024 ж.

СТУДЕНТТЕРДІ ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ АЛГОРИТМІ

Шымкент, 2024

Студенттерді жатақханаға орналастыру алгоритмі

2024-2025 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының студенттерін жатақханада орналастыру төмендегі тәртіппен жүзеге асатынын хабарлаймыз:

1. Шілде-тамыз айларында оқу орнымызға түсетін талапкерлерді есепке алмағанда басқа барлық студенттерден өтініш қабылдау жүргізіледі. Өтініш тіркелгеннен кейін жатақхананы бөлу комиссиясының шешімімен 2024 жыл 1 қыркүйекке дейін жатақханадан орын беріледі.

2. Бірінші курсқа түсуші талапкерлер үшін 2024 жыл 10 тамыздан 29 тамыз аралығында жатақханаға өтініш қабылданып, жатақхана бөлу комиссиясының шешімінен кейін 1 қыркүйекке дейін жатақханаға орналастыру жүргізіледі. Жатақханаға өтініш қабылдау мен орналастыру Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының «ОҚМА АҚ жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру ережесінің» Е 241-2024 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Жатақханаға орын беру мен орналастыру тәртібі бойынша толығырақ мәліметті Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының «Студенттерге қызмет көрсету орталығы» мен «Жастар саясаты» бөлімінен білуге болады.

4. Сонымен қатар академияда жатақханаға орналастыруды жылдам ұйымдастыру мақсатында «Ахуалдық орталық» жұмыс істейді. Ол бойынша ақпарат академияның сайтында орналастырылған.

5. Барлық білім алушылар өтініші: Platonus платформасы арқылы немесе жастар саясаты бөліміне келіп өтінішті офлайн жазу арқылы, электронды үкімет www.egov.kz порталы арқылы өтініш беру түрінде жүзеге асырылады.

6. ОҚМА жатақханасына орналасу үшін тапсырылатын құжаттар тізімі:

- Отбасы болған жағдайда отбасының құрамы туралы анықтама;
- Ата-анасының біреуі немесе ата-аналары қайтыс болған жағдайда, әлде жетім балалар үйінен анықтама;
- Отбасында 4 және одан да көп бала болған жағдайда, көп балалы отбасы туралы анықтама (көп балалы отбасының балалары үшін);
- Мүгедек екендігін растау туралы анықтама (мүгедектігі болған жағдайда);
- Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Жатақханада тұру ақысын төлегені туралы түбіртек.

Аталған құжаттар толық болмаған жағдайда өтініш кері қайтарылады.